Көбетейдің бәйбішесінен төрт бала, екі тоқалынан үш-үштен алты бала өсіп-ербіп, кебі өз алдарына отау тігіп, өсіп-өніп біршаһарлы ел болыпты. Тоқалдан туған кіші ұлы Жарылғап алып күші, қайтпас қайсарлығымен жастайынан жұрттың көзіне түсіпті. Кебетей бір күні баласын шақырып алып:- Балам бұдан былай не жәйдә, не топта күреске түсуші болма. Бірде болмаса бірде бетің қайтар, немесе бәз біреулердің жүрегінде кек қалар. Ердің ерлігі, палуанның білегі ел намысы, жер қамы үшін сынға түсетін бір кездер болады. Сол сын кезеңге дайын бол! Оны өзім айтамын, - деп Жарылғаптың күресуіне қатаң тыйым салыпты. Сол қыста қар қалың жауып, бірнеше күн соққан бораннан кейін Нұраның жел жағындағы қалмақтың жылқы, қойлары тебіндей алмай қырыла бастапты.

Жұтқа ұшыраған жылқыларын Нұраның ығына еткізуге Көбетеймен жасасқан шартты бұза алмай, еткізбейін десе, малы қырылып жатқан халқын қия алмай, қатты сасқан қалмақ ханы ақыры тәуекелге бел буып, малын ық жаққа өткіздіріп. Күшті қарулы жасақ қойыпты.

Тәкаппар хан дау айтып алдыма Көбетейдің өзі келсін, - деп өздігінен Көбетейге бармапты. «Жөнінен адасқан жол-жобаның өзі бұрын сұрар болар»,- деп Көбетейге хан алдына тізе бүге бармапты.

Өзіне қарайтын жамағаттарына Көбетей «Бір жылға қоян терісі де шыдайды, олар қысылғанынан зорлыққа барды, сендер әзірше кең отырып тарлыққа бармаңдар, қалмақ жылқысын қумаңдар. Бір қысқа жер бәріңе де жетеді»,- деп тежеу салған екен. Хан Көбетейге өзі келуге мәжбүр болыпты. Көбетейге келмес бұрын елінің басшы, бектерін жинап алып:- Мен Кебетейге барамын. Бұрын жасалған шарт бойынша бәске палуан, айғыр, бура, бұқа, қошқар салуымыз керек. Біздің бір-ақ жолымыз бар. –Ол палуан күрестіру ғана. Өз ортамызда қазақ палуандарын жығатын сенімді адам тағы жоқ. Сондықтан жасырын, шартарапқа адамдар жіберіп, бір айдың ішінде мықты палуан тауып әкеліңдер. Мен шамамның келгенінше Көбетейді осыған келістіруге тырысамын,- деп тапсырыпты.

Осы бағытты бекем ұстаған хан Көбетейге:- Кебетей шарасыздықтан бұрын жасалған шартты бұзып, жеріңді басып пайдаланғанымызды мойындаймыз. Бірақ, шарт әділетті жасалса да, оның орындалуы, дәл қазіргі біздің жағдайымызда, әділетті бола алмайды деп ойлаймын. Кетерем шыққан малымыздан таластыруға, сүзістіруге салатын малымыз жоқ. Бұл жағынан бірден жеңілетінімізді мойындаймыз. Біздің бір ақ жолымыз – тек палуан күресін бәске салуға ғана қалды. Ендігісін өзіңнің парасаттылығыңмен, адамгершілік арыңның алдына салдым,-депті.

Көбетей: - Хан, әубастан адал пейіл көрсетіп, алдымыздан етінгенде бұл іс даусыз, шартсыз-ақ шешілетін де еді. Амал қанша? Өткенді қайтармақ жоқ. Шарт-тәңір алдындағы сөзіміз еді. Дегенмен, қысылғанға қысым жасауқыңырдың ісі, не қырсықтының ісі болар. Нар тәуекел! Келістім. Бір айдан кейін «Қызылтөбе» бауырайына жиналайық,- деп шешіпті. Бір айдан кейін «Қызылтөбе» бауырына қалың нөпір қазақ-қалмақ жиналып, қақ жарылып отырыпты. Қалмақтар жағы, бұрын бұл жақта көрінбеген оңтүстік өңірінен тауып әкелген жойқын денелі алып Шақаман деген палуанын шынжырлап, төрт жағынан кере ұстап, алып шығыпты. Бұқа болып өкірген білектей шынжырларды борт-борт үзіп, қолымен жер тарпып өкіргенде, ошақтай жердің топырағын бірақ кесіп алып артқа серіпкенде, сұрапыл дауыл кезіндегі құрғақ топырақтай борандатып жіберді. Мұндай сұрапыл күшті көздерімен керген қазақ палуандары, төменшіктеп, бұғып қалыпты. «Талапкер кім болар?» деген Көбетейдің дауысына ешқайсысы үн қата алмапты.

Әкесінің күресетін кезеңді өзім айтамын деген ескертуі есінде қалған Жарылғап арқылы аруақталып, делебесі қозып, бүкіл жан дүниесі ойнақтап бара жатса да сабыр сақтапты.

-Жарылғап осында ма, шақырыңдаршы? – деген әкесінің дауысы шығысымен, мен мұндамын, әке,- деп ұшып тұрып алдына келіп бір тізерлей отыра кетіп, екі қолын жайып бата тілеген екен. Толқып отырған Көбетей беліндегі кісенін шешіп алып, өз мойнына салып, міне, енді сенің білегіңнің күші сынға түсетін кез ғана емес, елімнің тағдыры таразыға түскен кезең келді,- деп батасын беріпті. Жарылғаптың балғын тұлғасы өз қатарынан зор кесек болғанымен Шағаманға қарсы келіп тұра қалғанда алапат бір дәудің қасындағы жасөспірім баладай ғана болып көрінген екен балғын жігіт.

Ұршықтай үйіріліп келіп, оқтай атылып, іштен алып, өзін тарта берген Жарылғапты Шақаман сырттан қаусыра темір құрсауға алып, аяғын жерге тигізбей көтеріп әкетіп, «Мақтаулы палуандарың осы ма?»,- деп масаттанғандай дөңгелене берген екен. Жиналған дүйім жұрт сілтідей тыныпты, осы кезде «Аруақ!», - деп айқайлап жіберген Кебетейдің дауысы құлағына жеткен Жарылғап, құрсаудағы екі қолын бүге беріп, екі жұдырығын Шақаманның тар қолтығына тірей, темір құрсауды үзер жойқын күшпен сөрпіп жібергенде, қолы жазылып кеткен Шақаман қайқайып өз денесін билей алмай шалқалай құлапты. Екі аяғынан тік түскен Жарылғап, тұра берген Шақаманға ес жиғызбай, оң жамбасқа алып жіберіп, өзінен асыра әуп,- деп атып жібергенде, жойқын күштің лақтырған серпініне, өзінің денесінің салмағына шыдамай, жерге басымен шаншыла түскен Шақаманның мойын омыртқасы үзіліп, тіл қатпай опат болыпты.

Мәртебесі өсіп шыққан қазақтар қуаныштан жыласа, қалмақтар басына түскен қасырет, тапталған намысына ақырыпты. Опат болған Шақаманның денесін алып кете алмаған қалмақтар тағы бір күн еру болып, келесі күні Көбетейге келіп палуанның денесін еліне жеткізе алмайтындарын айтып, осы апат болған жері «Қызылтөбеге» жерлеуге рұқсат беруін өтіне сұрапты. Бұл «Қызылтөбе»- Көбетейдің «Менің о дүниелік орным осы Қызылтөбе болады», - деп айтып жүретін жері екен. Онысын есіне алып, Шақаманның сүйегін мұнда қойғызбауды сұраған жұртына: «Қыз алып. қыз беріп табыспасақ та, қылыш шабысқанымыз жоқ, жау болып келіп, жерімізді басып алып отырса да ел болып, егеспей қатар отырдық. Шақаман жауымыздың баласы болса да, жерленуге бердім рұқсатымды.

Алдын ала болар істі болжап отыратын көрегендігі, Нұра бойын ұрыс-соғыссыз ақ қалмақтардан арылтқан кеменгерлік қасиеті үшін Көбетей осыдан былай «Көріп кел Көбетей» атаныпты.

Осы оқиғадан кейін де ұзақ өмір Көбетейге де бұл дүниенің күні бітіп, өмірден өтіпті. Денесі өзінің өсиеті бойынша сол «Қызылтөбе» жеріне қойылыпты. Шақаман жерленгеннен кейін бұрынғы «Қызылтебе» әуелі «Шақаман төбесі» делініп, кейіннен сол маңай «Шақаман» атанған көрінеді.

Ал Көбетейдің қыстауы болған жер (қазіргі «Черниговка» савхозы) тұрған жер. Көбетей өлгеннен кейін де, Тінәлі руы ол жерді тастап. қазіргі Қорғалжын ауданының Теңіз көліне жақын тұратын шұрайлы жеріне қоныстанғанына шамамен үш ғасырдың кезеңі өтсе де, сол бұрынғы Көбетей аты жай ауызша шежіреден, немесе аңыз түрінде атала салған ат емес. Ол тарихта болған, елдің тағдыры үшін бар өмірін сарп қылған қасиетті тұлға.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң, жер судың тарихи атаулары қалпына келтіріліп, қасиетті тұлға аты ауылымызға қайта оралып, Көбетей аты беріліп ауылымызда үлкен той болды.

**З.Жалмағамбетова,**  
**Көбетей ауылының кітапханашысы.**

Нұра ауданының 80 жылдығына орай

## С.Сейфуллиннің шәкірттері

**Халқымыздың біртуар асыл перзенті С.Сейфуллин өзінің еңбек жолын 1916 жылы Омбыдағы оқытушылар семинариясын бітірген соң, 1- қыркүйекте Жіңішке деген жерде қазіргі Нұра ауданының Ахмет ауылының жерінде бала оқытудан бастаған.**

Бұл дерек филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің С.Сейфуллин туралы «Өнегелі өмір» атты ғұмырнамалық хикаясында былай деп беріледі.

«... **Ел ереуілі әлі басылған жоқ. Сәкен Бұғылы болысындағы подполковник Сұлтан төре Абылайұлының ауылында мектеп ашып, сабақты орыс тілінде жүргізуге кірісті. Көбі кедей балалары. Есейіп те қалғандары бар. Дүйсенбектің Құбашы, Ержұманның Ақылбегі, Баймағамбеттің Бекіші, әсіресе Жүсіпбектің хамзесі бұрын молда алдын көргендігінен бе, жоқ орысша оқуға құмарлығынан ба, әйтеуір Сәкеннің қасынан шықпайды. Ой тұманындағы ұстазымен шүлдірлеп сөйлескендеріне өздері мәз». (Т.Кәкішев «Өнегелі өмір», 94 бет.)** Абылай Ахмет төренің үлкен әкесі Қоңырқұлжаның ұлы. Осы аты аталған С.Сейфуллиннің шәкірттерінің өмір жолына жеке-жеке тоқталсақ.

Дүйсенбек Құбаш. 1906 жылы Ақтөбеде дүниеге келген. Бұғылы орыс-қазақ мектебінде С.Сейфуллиннен білім алған. Ұлы Отан соғысына дейін Ақтөбеде ауылнай хатшысы қызметін атқарған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыста снаряд жарықшағынан иығынан жараланып 1943 жылы елге оралды. 1943-1945 ж. Майоровка ауылындағы Киров атындағы колхозда қой шаруашылығының ферма меңгерушісі қызметін атқарады. Ферма «қой қонған сай» деп аталған. 1946-1953 ж. Аралығында Жамбыл колхозында ферма меңгерушісі болады. 1954 жылы тың және тыңайған жерді игеруге белсене араласып, совхоз Пржевальскінің алғаш қазығын қаққандардың бірі болған. Бірнеше рет ауылдық, аудандық советтің депутаты болып сайланған.

«Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысына 20 жыл», «СССР қарулы күштеріне 50 жыл» медальдерімен марапатталған.

Теміртау қаласында тұратын қызы Мақпуза әкесін былай деп еске алады. «Әкем өте еңбекқор адам еді, әкемді жиі артта қалған колхоздарды көтеруге жіберетін. Неміс тілін жетік білетін. Майоровка ауылында неміс халқының ішіндегі жалғыз қазақ болғандықтан, туыстар оны «Неміс» деп атап кеткен. Жезқазған қаласында тұратын немересі Құбашева Бақыт Болатқызы атасын былай деп еске алады. «Атам ашық жарқын, көңілді, әзілқой еді. Жолдастары мен көршілерімен әзілдесіп ойнаудан жалықпайтын. Біз Ахмет ауылында, атам Ақтөбеде тұрды, біз барып сиыр, қой бағуға, шөп тасуға, су әкелуге көмектесіп тұрдық. Ол да біздің ауылға жазда ат арбамен, қыста шанамен келіп тұратын. Атам келгенде біз қатты қуанатынбыз. Ол бізді жақсы көрді. Бізге тәтті тағамдар әкелетін. Ол ұзын бойлы, арықша, мұртты, басына үнемі қалпақ киіп жүретін. Маңайындағыларға әзіл айтып, күлдіріп көңілді жүретін адам еді.

Ержұманов Ақылбек. 1900 жылы кеңес ауылында дүниеге келген С.Сейфуллиннен білім алған.

1928-1929 жылдары ауыл дүкенінде сатушы болған. 1930-1931 ж 2 жылдық партия мектебін Петропавловск қаласында бітіреді.

1932-1934 жылдары Маржанкел совхозында директордың орынбасары қызметін атқарды. Директордың орынбасары қызметін атқара жүріп қоғамдық, партия жұмыстарына белсене араласқан аудандық партия комитетінде нұсқаушы болған.

1934-1936 жылдары Ақмола ауданы Октябрь колхозының председателі.

1936-1938 жылдары Жамбыл колхозының председателі, 1938-1941 жылдары Нұра аудандық мал шаруашылығының меңгерушісі қызметін атқарды. 1941-1945 жылдары Совет Армиясы қатарында парторг политолг болды. 1945-1951 жылдары Кеңес колхозының председателі, 1951-1953 жылдары Урожайный колхозының председателі, 1953-1955 жылдары Новокарповка колхозының председателі Байтуған ауылында, 1955-1963 жылдары Киров ауылдық Советтің председателі қызметтерін атқарды.

Баймағамбетов Бекіш 1906 жылы Ақтөбе ауылында дүниеге келген С.Сейфуллиннен білім алған. 1941 жылы соғыс басталғанға дейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып ауылға 1946 жылы оралады. 1952 жылға дейін Тельман колхозында ауыл шаруашылығында әртүрлі қызмет атқарады. 1952 жылдан 1957 жылға дейін Нұра совхозында пошта меңгерушісі болып, 1957-1963 жылдары Ахмет ауылында пошта меңгерушісі қызметін атқарды. Домбырамен ән салуды ұнататын. Облыстық байқауларға қатысып жүлделі орын алған.

Жүсіпбеков Хамза. 1900 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Ахмет ауылында дүниеге келген. Қазақ жазушысы, партия және қоғам қайраткері С.Сейфуллиннен Бұғылы орыс-қазақ мектебінде білім алған. Омбының оқытушылар семинариясында оқыған. Ол 1917 жылдан бастап Ақмоладағы «Жас қазақ» атты демократияшыл –жастар ұйымы мен Омбыдағы «Қазақ шәкірттерінің демократиялық одағының жұмысына белсене араласады. 1920 ж КПСС мүшесі, 1920-1926 ж БК(б) П Омбы, Ақмола губерниясында Көкшетау уездік комитетінде жауапты қызметтер атқарды. 1927-1932 ж БК (б) П Қазақстан өлкелік партия комитетінде хатшы, 1933-1937 ж Қазақстан кәсіподақ Советінің төрағасы, Қазақ ССР Юстиция, Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық Халкомының орынбасары. Қазақстан марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында аудармашы, Қазақ Мемлекеттік керкем әдебиет баспасының директоры болды. 1925-1937 ж мерзімдік баспасөзде «Маркстік – Лениндік сынның «туын жоғары ұстайық». «Әдебиет майданы» қызметкерлерінің міндеттері», «Әдебиеттегі байшылдық идеологияға қарсы», «Пролетарлық сынды күшейтейік», С.Сейфуллин – қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы», т.б. әдеби-сын мақалалары жарияланды, әңгімелері, сын мақалалары, очерктері жинақталып, берілген «Қарсақбай» атты кітабы 1928 ж жарық көрген. 1935 жылы Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романын қазақ тіліне аударған.

1937 жылы репрессияға ұшырайды. 1957 жылы ақталды.

Жинастырған
**Қаржасова С.**
**С.Сейфуллин атындағы орта мектептің оқытушысы.**

## Далекое и близкое



Иду по улице им. И.Смагулова в п. Киевка и вспоминаю уже далекий для меня 1965 год. Я тогда только закончил Ивановскую восьмилетнюю школу и на летний период с двумя одноклассниками – Михаилом Горным и Валерой Никоноровым решил поработать электромонтерами на местной электростанции. Тогда отец Валерия – Николай Прокопович Никоноров заведовал электростанцией, он-то туда нас и определил. Кстати, сам он начинал электрофикацию в с.Ивановка можно сказать с нуля. Было это на рубеже сороковых - пятидесятых годов.

В то время еще не было по селам единого электроснабжения, так называемых северных сетей. Мы вручную укрепляли пасынками подгнившие опоры, перетягивали провода и т.д. А к осени нас отправили в Кокозек (третье отделение совхоза «Индустриальный»), в то время мы были единым хозяйством. Кокозек (Батуринка) исчезла с административной карты района где-то в конце семидесятых, начале восьмидесятых годов. А тогда в 1965-м там еще кипела жизнь. И на местной электростанции работал мотористом Ибрагим Смагулов, к кому нас и отправили.

Конечно, с нами был старший по званию и опыту, ныне уже покойный Николай Иванович Травин. Нам предстояло протянуть новую электролинию от электростанции к базе, где должен зимовать скот. Это где-то пролетов 13-15. Все делали вручную: копали ямы под опоры, тянули провода. А на дворе уже был октябрь. И хотя домой до Ивановки было всего 12 километров, в целях экономии времени ночевать домой мы не ездили, а недели две жили у Ибрагима Смагулова. Знали мы тогда, что хозяин дома – Герой Социалистического Труда, кажется, нам об этом говорили. Но мы особого значения этому как-то не придавали.

Сейчас я пытаюсь вспомнить облик этого человека: худой, среднего роста, не тороплив в движениях, как бы отрешенный от всего и, в то же время резкий и взрывной. Сколько ему тогда было лет? Совсем чуть-чуть за пятьдесят. Я сейчас лет на семь старше его. Но уже в то время было заметно, что он болеет. Напряженный труд, почет и слава были позади, он скромно и справно работал мотористом на местной электростанции, давал свет своим односельчанам. Его хозяйство, т.е. электростанция представляла собой дизельный двигатель, снятый с трактора ДТ-54, электрогенератор производительностью 50-60 Квт, не более, электрощит, вот и все. Но тогда этой мощности хватало, чтобы осветить жилища сельчан.

Сколько же дворов было в Кокозеке: 25 – 35? Я не стал наводить справки по этому поводу, не в этом суть. Скажу только, что на улице почти у каждого двора на столбе горела лампочка. Никаких других электроем ких приборов в виде холодильника, телевизора у селян не было.

В октябре сумерки наступают рано, и хорошо поработав, уставшие мы ложились на кошму в теплом доме Ибрагима Смагулова, жена которого часам к одиннадцати нас будила, выкатывала на середину комнаты круглый стол и кормила нас бесбармаком.

В Энциклопедии Карагандинской области, изданной в 1986 году написано: «Герой Социалистического Труда Ибрагим Смагулов родился в 1913 году в селе Батуринка Нуринского района», т.е. в Кокозеке. Но это очень сомнительно и вот почему. Во-первых тогда еще не было Нуринского района. А во-вторых, в то время в Батуринке проживало практически русскоязычное и украинское население. Это уже позже, вследствие джута, когда у коренного населения пап скот, с запада со стороны Жанаарки на берега Нуры расселялись по селам казахи. Здесь тогда можно было спастись от голода, потому что на полях колосилась пшеница, выращивались картофель и овощи. Так постепенно жители Батуринки переселились в Ивановку, а коренное население потихоньку основалось здесь. Старожилы Ивановки еще долго делились на «местных» и «батуринских». Кстати, до пятидесятого года сельский совет находился именно в Кокозеке.

Я рассказал то, что мне вспомнилось об этом человеке и том времени. А вот, что дальше написано в энциклопедии: **«Смагулов Ибрагим (1913 г.р.), хлебороб, Герой Социалистического Труда (1948г.), член КПСС (1948г.). С 1939 по 1950 гг. – тракторист колхоза Кокозек, 1950 -1953 гг. – бригадир тракторной бригады колхоза «Трудовик», с 1954 по 1958 – участковый механик Киевской МТС, 1958 – 1961 гг.- бригадир колхоза «Трудовик».**

**В четвертой пятилетке с 1946 по 1950 гг. добился высоких урожаев пшеницы (23 ц/га) на площади 156 га. На пенсию ушел в 1968 году. Награжден орденом Ленина...»**

Вот какие воспоминания навеяла мне улица им. Смагулова одним из августовских вечеров.

**В.Туляков,**
**Киевка – с.им. Мынбаева**

## Жанында жүр жақсы адам

Отарлық бұғаудан құтылып, ел еркіндік алып, ез алдына дербес тәуелсіз мемлекет болған жылдары Қазақстанда ұлы адамдардың туған мерейтойларын тойлау кең етек алды. Бұл кезде халықтың тұрмыс-халі онша жақсы болмаса да олардың қуанышында шек болмады. Той үстіне тойларды жалғастырып өткізе берді. Осындай үлкен тойлардың бірі 1993 жылы тамыз айының аяқ кезінде Павлодар облысы, Баянауыл да Далба тауының етегінде өткен бұқар жыраудың туғанына 325 жылдық мерейтойы болды. Бұған Қарағанды облысының барлық аудандарынан т.б. жерлерден кісілер көп жиналды. Облыстың барлық аудандары өз алдына жеке-жеке ауыл болып жайғасты.

Біздің Нұра ауданының совхоздары да жарыса әшекейленген киіз үйлерін тігіп, жеке бір ауыл болды. Сол тігілген үйлердің ішіндегі ең кішкентай қорашы біздің Черниговка (қазіргі Кебетей ауылы) совхозынікі болды. Тойға баргандардың ішінде ең үлкеніміз Қасқырбай екеуміз болды. Жастардың бастары қосылып жиналып қалғанда екеумізге дем алып тынығуға мүмкіндік болмайтын болды.

Біздің қасымызда Амантау совхозының әрі кең, әрі әдемі киіз үй тұрды. Біздің қолайсыз жағдайымызды сезген Амантаудың шаруашылығын басқарып келген жігіт біздерді өз үйіне орналастырды. Біздің дем алуға мүмкіндігіміз туып, жағдайымыз жақсарып қалды. Бұл үлкендерді сыйлап, құрмет көрсетіп отырған жігіт езіміздің Қуандықтың бір баласы Қарпықтан тарайтын Мәмбет руынан шығатын Құдабай деген жігіт екен. Мұның арғы атасы ертедегі қазақ қалмақ соғыстарында біздің Нұра бойына басып кірген жаудың жекпе-жек айқаста бас батырын жеңіп, туған жерін жаудан аман алып қалған Жандар батыр. Сол кезде жасы 35 шамасындағы жігіттің сыртқы тұлғасы да батыр атасын еске түсіргендей әсер қалдырады. Жандардан туған Болтай атасы 10 мың жылқы біткен ірі бай болыпты. Болтай өте мырза, қайырымды адам екен. Сыйлы қонақтарына қой союды қомсынып, таңдатып жүріп қысырдың семіз тайын сойғызады екен. Құдабайдың келген қонақтарды сыйлап жіберіп отырғаны – Болтай атасының мырзалығын еске түсіргендей.

Құдабай жастайынан оқуға қабылетті болып, 1979 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтына түсіп, оны ойдағыдай жақсы бітіріп шығады. 1984 жылдан бастап Нұра совхозында аға мал дәрігері қызметін атқарады. Мұнда өзіне тиісті жұмыстың барлығын да мүлтіксіз үлкен абыроймен атқарып отырған.

1988 жылдан бастап Амантау совхозында бас мал дәрігері болып қызмет атқарды. Мұнда істеп жүргенде өзінің еңбекқорлығымен ерекше көзге түсіп отырды. Мұнда шалғайда жатқан бірнеше қой отарлары болды. Қатты дүлей боран, сықырлаған үскірік аяздарда совхоз орталығымен қатынас болмай қалып, қойшылардың ауыр жағдайға кездесіп қалатын кездері де болады. Осындай жағдайларда жарғақ құлағы жастыққа тимей, дамыл таппай, өзінің басына түсетін қауіп-қатерге де қарамай, қойшыларға барып, жағдайларын біліп, көмек керсетіп отыратын. Оның мұндай елгезектігіне бүкіл қойшылар, совхоздың басшылары тіпті бүкіл ауыл халқы риза болып отыратын. Ол 1995 жылдан бастап Көбетей ауылында бас мал дәрігері қызметін атқарды. Мұнда да ол өзінің іскерлігімен халықтың көзіне түсіп отырды.

1990-шы жылдардың бас кезінде Нұра ауданындағы «Нұра» совхозы үлкен күйзеліске ұшырады. Совхоз директорлары бірінен соң бірі ауысып келіп жатса да ешқайсысы шаруашылықты қалпына келтіріп, түзете алмады. Тек қана Қанат Отарбаев бастық болып келіп «Отқанжар» ЖШС құрылғаннан кейін шаруашылық оңала бастады. Ол жас болса да өзінің шебер ұйымдастырушылық қабылетін көрсете білді. Оның шаруашылығы жақсарып, халықтың да жағдайы жақсара бастады.

Қазірде Құдабай осы жерде Изенді ауылында ауыл әкімі болып қызмет атқарады. Бұдан 15 жыл бұрын Павлодар облысының Баян ауылында танысқан Құдабай бүгінде 50 жасқа толып, халық сыйлайтын, құрметтейтін ел ағасы болып отыр. Істеген істерін ойдағыдай орындайтын, үлкенге де, кішіге де бірдей сүйкімді Құдабайдай жігіттер өсе берсе игі демекпіз.

**Махмет Теміррұлы.**

## Ауыл жастарды күтеді!

**«Мен жастарды, жоғарғы оқу орын түлектерін – мұғалімдер, дәрігерлерді ауылға барып, өз халқына көмектесуге шақырамын!»**
**Н.Ә.Назарбаев**

**Букөров Саят Бакатұлы** Кәрім Мыңбаев атындағы ауылда дүниеге келген. Аталған ауылдағы Кәрім Мыңбаев атындағы орта мектепте орта білім алған соң бірден Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ң биология-география факультетін география мамандығы бойынша бітіріп шыққан соң бірден ауылға бет бұрған ол аудандық білім беру бөлімінің жолдамасымен осы мамандықты қажет етіп отырған Киевка №3 мектебіне география пәнінің мұғалімі болып орналасты.

**Тоқтамысова Әсем Санжарқызы** 1987 жылы Нұра ауданының орталығы Киевка кентіне қарасты Өндіріс ауылында дүниеге келген. 1993 жылы Өндіріс ауылындағы негізгі орта мектептің табалдырығын аттап 2004 жылы Киевка №2 қазақ орта мектебін бітіреді. 2004 жылы Академик Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің биология-география факультетінің биология мамандығына түсіп 2008 жылы аталған мамандықтың толық курсын тәмамдаған. Оқу орнын бітіре сала ауылдық жерде жұмыс істеуді жен санаған Әсем өзі оқыған мектепке биолог мамандығы бойынша жұмысқа орналасты.

*Жастар саясаты*

## Жастар белсенділігі артуда

**Мемлекет жас қазақстандықтардың жақсы білім мен лайықты жұмысқа қол жеткізуі және өздерін істе танытуына мүмкіндік беру үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.**

Қазақстандық жастар өздерін іске асыру жолдарын іздеп, тауып жатыр, қиындыққа қарамай проблемаларды анықтауға және оларды тиімді шешімдерін табуға талпынып жатыр. Қазіргі жастар ез бизнестерін құрып, белсенді түрде нарықты игеріп жатыр. Бұның бәрі елімізге үлкен пайда.

Сондықтан да тек кешбасшыға лайық қасиеттері бар жастар өз күшімен, белсенді инновациялық әлеуетімен және ерен еңбегімен Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енуіне және ауылдың жандануына үлкен үлес қоса алады.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі, «Қазақстан ауыл жастарының одағы», «Жас Отан» ЖҚ кеңесінің ұйымдастыруымен Теміртау қаласында көшбасшылардың жазғы лагері бағдарламасы аясында Республикамыздың түкпір-түкпірінен мектеп оқушыларын жинап, бір апта бойы оларды оқытып, көшбасшыға лайық тәрбиелеп ҚР Білім және Ғылым министрлігі, тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің арнайы сертификаттарын табыс етті. Осындай Республикалық іс-шараға ауданымыздың орталығындағы Киевка №2 қазақ орта мектебінің 9 «ә» сыныбының оқушысы Тоқтар Бағлан Саматұлы да қатысып қайтты.

Апта бойы оқу мен тәрбиеден қол үзбеген оқушыларға ұйымдастырушылар Теміртау қаласын саяхат жасатып, Арселор-Миттал Теміртау АҚ ғимараттары мен зауыттарын аралатып, қалалық мұражай мен еліміздің тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың құрметіне ашылған мұражайды аралатып көрсетті.

«Ауылдың болашағы жастардың қолында» десек осындай іс-шараларды ұйымдастырған әріптестеріміз А.Глотов, Теміртау қалалық мәслихатының депутаты, қалалық «Жас Отан» ЖҚ кеңесінің атқарушы хатшысы Ломакин Алексей сынды ерлерімізге алғысымызды білдіреміз.

**ТҮСІПОВ Б.К**
Киевка №2 қазақ орта мектебі ғылыми істер ісінің меңгерушісі

## Нұра ауданының 80-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізу бағдарламасы.

Уақыты: 2008 жыл 25 қыркүйек. Өткізілу орны: Киевка кенті
9.00. – Ресми қонақтарды қарсы алу
10.00- 11.00 – Саябақта салтанатты бөлімжәне кигіз үйлер қалашығында мерекенің ашылуы
11.00-12.00 – Мерекелік концерт
12.00-13.00 – Үлкен теннис ойыны, мини-футбол (саябақта).
12.00-15.00 – «Қазақша күрес» спорт жарыстары (киіз үй қалашығында).
13.30-14.30 – Түскі асқа үзіліс
15.00 –17.00 – Ат жарысы
18.00-19.25 – «Нұра-ашық жүректер мекені» театрландырылған қойылым
19.30-20.35 – Қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт
20.35-22.30 – Эстрадалық әндер фестивалі

## Программа проведения юбилейных мероприятий, посвященных 80-летию Нуринского района.

Дата - 25 сентября 2008 года.
Место проведения: поселок Киевка
9.00 – встреча официальных гостей.
10.00-11.00 – Торжественная часть в парке, открытие праздника в юрточном городке(параллельно)
11.00-12.00 – Праздничный концерт, презентация книги о Нуринском районе, Энциклопедии о районе.
12.00-13.00– Игра в большой теннис, мини-футбол (в парке).
12.00 – 15.00 – Спортивные соревнования по «казакша курес» (в юрточном городке)
13.30-14.30 – Перерыв на обед
15.00-17.00-конно-спортивные соревнования.
18.00-19.25 – Театрализованное массовое представление «Нура – земля открытых сердец»
19.30-20.35 – Гала-концерт с участием звезд казахстанской эстрады
20.35-22.30 – Фестиваль эстрадных песен

**Нұра ауданының мерейтойын мерекелеу аясында төмендегідей спорттық іс-шаралар өткізіледі.**

Иподромда: Қазақша күрес, теңге алу, жорға жарыс, аламан бәйге және де ойын түрлері: қаппен жүгіру, жастыпен бірін-бірі көлденең жатқан діңгектен соғып түсіру, қол күрес, арқан тартыс, тігінен тұрған діңгекке шығу, кір көтеру.

Орталық саябақта: шағын футбол, үлкен теннис.

Аламан бәйгі, қазақ күресінің түйе палуандарына шетел жеңіл автокөлігінің кілттері табыс етілсе, басқа жүлдегерлерге түрлі-түсті теледидар мен бағалы сыйлықтар және арнайы әзірленген медальдар мен дипломдар тапсырылады.




**Келіңіздер, көріңіздер, қотысыңыздар!**

Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі

## Құттықтау

Құтты болсын, ауданымыз бастамаңыз,
Ауызымыздан еш уақыт тастамаймыз.
Құлан-өтпес, Ақтүбекпен Нығыманнан
Қалай біз жыр жолдарын бастамаймыз.

Құтты болсын, ауданның 80-жылдығы,
Мерейі ғой дәстүрлі елдің бұлдағы.
Көркейе беріп сол Нұраның өңірі,
Амандық тілеу- алыстағы елдің сыйлығы.

Ешқашан мол қазынаң ортаймасың,
Шаңырақта тек шабыттар айқайласын.
Гүлденіп майлы жер мен құнарың да,
Ешуақыт төмендігің байқалмасын.

Үлкен сәлем, ауылдағы қарт-қариядан,
Құландай өзені бар дариядан,
Талай батыр-ұмытылмас жүріп өткен,
Құлан-өтпес, Ақтүбекпен Нығыманнан.
Д
Ғ
Өнерің өрге жүзсін барлығынан,
Өсиет қылып, ұрпағына қалдырған.
Тойларың тойға ұлассын Нұрам менің!
Сәлем саған алыстағы халқыңнан.

**Мәслихат Қалымжан,**
**Нығыман ауылы.**

### Нұрлы Нұрам

Нұрлы Нұра ауданым құтты болсын 80 жасың,
Жайылған қазақ еліне еңбек даңқың.
Нұра ауданым мәлім облыспен еліме.
Кезін тойады кергенде суы мен жеріне.
Жер қойнауында нұрамның жетеді байлығы,
Атап айтсам көмір, темір, мұнай, алтын, күміс...
Кәзірде, келешекте байлығымыз молынан жетеді
Халқымыз осыларды өндіруге аянбай еңбек етеді.
Нұрамның ең байлығы мыңдаған халқым бар
Оларды асырайтын құнарлы жерім бар.
Мал жайылатын жазылып бұйрат –бұйрат белдері
Жайқаалған шалғын – шөппен мөлдір көлдері.
Нұрлы Нұра ауданым қымбатсың маған құрдасым
Жақсы-жаманды бірге көрген сырласым.
Ауыр жылдардың қиыншылығын да атқардық
Ақыры Тәуелсіздікке қол жетіп бүгін шаттандық.
Айналайын ауданым!
Ғасырлар бойы жаса
Жылдан-жылға нұрлана берсін ауданым.
Әр қашанда аман болсын мал жаның

Алдымен Отанды сақтау болсын бар қамың.

**Әйділда Камзин,**
**еңбек және тыл ардагері.**
**Киевка кенті 2008 жыл.**

### Алыстан жеткен сағыныш

### Өзіңді ойлап, күн кешемін

Мен өмірге келдім Нұра бойында,
Жастық шағым өтті қызық ойында.
Осы жерде аяғымды қаз-қаз бастым,
Алғашқы махаббатпен мен таныстым.

Кетіппін балалықтан бақыт қуып,
Өлкемнен туып -өскен алысқа ұшып.
Түскенде сен есіме, атамекен,
Ұйқысыз талай ұзақ түндер өткен.
«Тезірек жетсем» деймін, құмартамын,
Жүйрік ой толқынына батамын.
Басамын құмарымды даласында,
Қабыл ап еркелетіп сөн қызынды.
Жүрсем де алмұрт-алма арасында,
Сағынамын қарағай мен тобылғынды.
Жүрсем –дағы жер бетінде адасып,
Сырттасам да жаңа жұртпен табысып.
Шұғыла нұрлы Нұра, таңдарымсың,
Аңсаған, асыл елім, арманымсың.
Атыңнан айналайын Нұра деген,
Ұмытар кім бар екен ата тегін.
Сағындым самалыңды Көк -Өзегім,
Өзіңсің туған елім, қайғы шерім.
Кеткелі бектеріңнен өтті жылдар,
Ұшады үйірімен үйрек-каздар.
Алыстап бауырлардан кеткен жаман.
Қайтейін, балаларым болсын аман.
Сағынышқа қай пенде тағар кінә,
Теңеу таппай толғанам, саған Нұра.
Туып өстім Киевка ауылында,
Еркелеп балғын шақтың бауырында.
Сен менің таусылмайтын әнім едің,
Бұлбұл болып Көк-өзекте сайрап едім.
Шымкентке ұзап кеттім баурайыңнан,
Өбеді ыстық желі маңдайымнан,
Өткен жылдар жеткізбейді бала күнге,
Мың барамын түсімде туған жерге.
Жұмыр жердің барсам да қай шетіне,
Қиялымда жүреді Нұра бірге.

**Райхан НҰРТАЗИНА,**
ҚР Халық ағарту ісінің озық қызметкері,
Шымкент қаласы.

### Вниманию охотников и всех любителей

Во исполне пункта 1-го Решения селекторного совещания при Вице-министре внутренних дел генерал-майоре полиции К.Н.Касымове за 3 1/5-85-4419 от 04.08.08 года «О состоянии работы ОВД по выявлению и пресечению фактов нарушения природоохранного законодательства» и Плана основных организационных мероприятий МВД Республики Казахстан на 2008 год, в октябре месяце текущего года на территории республики, в том числе Нуринского района, будут проводиться оперативно-профилактические мероприятия «Браконьер», основной целью которых станет выявление фактов незаконной охоты, незаконной добычи водных животных.

Лица, проводившие охоту или рыбалку без разрешающих документов ОВД и заинтересованных служб, в частности ООиР по Нуринскому району, а также выявление нарушений правил проведения охоты, рыбалки на территории РК, будут привлекаться к уголовной и административной ответственности по ст.ст. 288 УК РК, 298 ч.1, 298-1 ч.1 КоАП РК.

**Е.Бейсембеков,**
**инспектор ЛРС ОВД Нуринского район**
**капитан полиции**

## Құттықтаймыз!



Байтуған ауылының тұрғыны бауырымыз Бегимбаев Мұстафа Көбенұлын 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Бауырымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілей келе, мына өлең жолдарын арнаймыз:

Мұстафа, құтты болсын 50 жасың,
Басыңнан бақыт құсы арылмасын.
Артқа тастап бұл өмірдің ауырын,
Аман-есен жүре берші, бауырым.
«Іңілеп» бауырларың келе берсін,
Ұрпағың соңындағы ере берсін.
Құдай қосқан қосағың аман болып,
Қызығын жаратқаның бере берсін.

**Ақ тілекпен: жездесі - Жансерік, апасы – Күлән, жиендері: Жанара-Асхат, Динара, Асқар - Шынар және жиеншарлары: Әділ, Абылай, Әділет. №415**

### Уважаемая Галина Григорьевна!



От души поздравляем вас с юбилеем!
Наш коллектив в Ваш день рожденья
Вам дарит добрые слова.
Мы уважаем вас за опыт и уменье,
За ваши добрые дела.
Крепкого здоровья вам навеки,
Радости и счастья – на года,
Пусть друзья, родные и коллеги
Вас не покидают никогда.

С наилучшими пожеланиями: **Ваш родной коллектив рйонного отдела финансов.**

Поздравляем
с 60 - летним юбилеем дорогую, любимую маму
**Шолпан Хамитовну Бапанову**

Не подыскать такого слова,
Чтоб в полной мере пожелать,
Вам отличного здоровья
И никогда не унывать.

Желаем счастья и добра,
Поменьше горе и печали.
Но в день прекрасный юбилея
Все пожеланья хороши,
Пусть все оставшиеся годы
Несут Вам радость для души!

**Муж. дети: Женисбек-Бахыт, Гауһар,Ажар-Сагындык, Болатбек, внуки: Жанибек, Амир, Гульсана, Данат, Арлан. №433**

Нұра ауданы әкімі аппаратында және жергілікті атқару органдарында сенім телефондары жұмыс істейді. Бұл телефондарға мемлекеттік қызметкерлер Ар-намыс кодексін, коорупциямен күрес және мемлекеттік қызмет туралы заңдарын бұзған мемлекеттік қызметшілері жайында хабарлауға болады:

- Нұра ауданы әкімінің аппараты – 21-7-21
- Нұра ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі - 21-0-49
- Нұра ауданының құрылыс белімі – 22-4-56
- Нұра ауданының тұрғын 8 үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі – 22-6-27
- Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі -21-3-21
- Нұра ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі 22-6-07
- Нұра ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі - 21-8-30
- Нұра ауданының қаржы бөлімі 22-5-37
- Нұра ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі 22-3-70
- Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі – 21-0-94
- Нұра ауданының білім беру бөлімі – 21-8-98
- Нұра ауданының кәсіпкерлік бөлімі -22-1-22
- Нұра ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі 22-6-20
- Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – 22-6-46.

В аппарате акима Нуринского района и в местных исполнительных органах Нуринского района работает телефоны доверия, по которым можно сообщить информацию о фактах нарушения служащими норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией:

- Аппарат акима Нуринского района -21-7-21
- Отдел архитектуры и градостроительства 21-0-49
- Отдел строительства -22-4-56
- Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог – 22-6-27
- Отдел внутренней политики -21-3-21
- Отдел культуры и развития языков -22-6-07
- Отдел экономики и бюджетного планирования – 21-8-30
- Отдел финансов - 22-5-37
- Отдел сельского хозяйства - 22-3-70
- Отдел земельного отношений -21-0-94
- Отдел образования – 21-8-98
- Отдел предпринимательства - 22-1-22
- Отдел физической культуры и спорта - 22-6-20
- Отдел занятости и социальных программ – 22-6-46

* * *

Нұра ауданы Киевка кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Ар намыс кодексі, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықпен күрес заңнамаларын бұзу туралы деректі хабарлау үшін сағат 9.00-ден бастап 18.00 дейін 2-26-02 сенім телефоны жұмыс істейді.

ГУ аппарат акима поселка Киевка Нуринского района сообщает о телефоне доверия: 2-26-02, действующем с 9.00 до 18.00 часов, по которому можно сообщить информацию о фактах нарушения сотрудниками норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе, о борьбе с коррупцией.

***

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік инспекция Комитетінің Нұра аудандық аумақтық инспекциямы» мемлекеттік мекемесінде сенім телефоны жұмыс істейді: 2-16-83, 2-26-57. Бұл телефонға мемлекеттік қызметкерлер ар-намыс Кодексін, корупциямен күрес және мемлекеттік қызмет туралы Заңдарын бұзған ҚР АШМ «Нұра» аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жайында хабарлауға болады.

ГУ Нуринская районная территориальная инспекция Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан сообщает о телефонах доверия: 2-16-83, 2-26-57, по которым можно сообщить информацию о фактах нарушения сотрудниками райтеринспекции МСХ РК Кодекса чести государственных служащих РК, законодательства о государственной службе, о борьбе с коррупцией.

***

Нұра аудандық қазынашылық бөлімінде қазынашылық мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс Кодекс нормаларың, коррупция мен күрес және мемлекеттік қызмет туралы заңдарын бұзған жағдайлары туралы 22-5-41 сенім телефоны орнатылды. Жұмыс істеу уақыты 900 – 1800 –дейін.

В Нуринском районном отделе казначейства установлен телефон доверия по вопросам нарушения государственными служащими казначейства норм Кодекса чести, законодательства о государственной службе и закона о борьбе с коррупцией. Номер телефона: 22-5-41, часы работы с 900 до 1800.

***

«Қарағанды облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті» Нұра ауданы бойынша басқармасы мемлекеттік мекемесінде 22-2-65 сенім телефоны жұмыс істейді. Бұл телефонға мемлекеттік қызметкерлер Ар-намыс кодексін, корруциямен күрес және мемлекеттік қызмет туралы Заңдарың бұзған белімнің қызметкерлері жайында хабарлауға болады.

В государственном учреждении «Управление Департамента государственного санитарно-эпидемиологического надзора Карагандинской области» по Нуринскому району работает телефон доверия 22-2-65, по которому можно сообщить о фактах нарушения сотрудниками норм Кодекса чести госслужащих, законодательства о госслужащих и борьбе с коррупцией.

***

Нұра ауданының Мәслихат аппаратында 21-6-42 сенім телефоны жұмыс істейді. Бұл телефонға мемлекеттік қызметкерлер Ар-намыс кодексін коррупциямен күрес және мемлекеттік қызмет туралы заңдарын бұзған Мәслихат аппаратының қызметшілері жайында хабарлауга болады.

В аппарате Маслихата Нуринского района работает телефон доверия 21-6-42, по которому можно сообщать информацию о фактах нарушения служащими аппарата Маслихата норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.